




Жүргізілген кеңестер туралы Есеп

Тақырыбы: «БиоЭкоГум» гуминді препаратын қолданудың топырақтың құнарлылығы мен ауыл шаруашылығы дақылдарының өнімділігін арттыруға әсері

«Жер ресурстарын тиімді пайдалану, оның ішінде топырақ құнарлылығын сақтау және арттыру тәсілдері, ауыспалы егістерді сақтау» бағыты бойынша

Өткізу күні:
«08» желтоқсан 2023 жыл

Кеңес беру өткізілген орын:
Алматы облысы, Іле ауданы,
Байсерке а.о. «Омаров» ШҚ

Эксперт:  Вырахманова А.С.
(қолы)

«Ө.О. Оспанов атындағы Қазақ
Топырақтану және агрохимия
ғылыми-зерттеу институты» ЖШС
Басқарма Төрайымы



Рамазанова Р.Х.

Есептің құрылымы

1) кеңес беруді қажет ететін мәселе немесе мәселелер шеңбері;

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлердің құнарлылығы мен өнімділігін арттырудың негізгі әдістерінің бірі – сапалы тыңайтқыштар енгізу. Минералды тыңайтқыштар мен химиялық заттарды шамадан тыс қолдану топырақтың құнарлылығына, қоршаған ортаның экологиялық жағдайына, сонымен қатар өсірілетін өнімнің сапасына кері әсер етуі мүмкін.

Топырақ құнарлылығын арттыруда және өсімдік шаруашылығы өнімдерінің сапасын жақсартуда биогендік сипаттағы тыңайтқыштар мен препараттар маңызды рөл атқарады, оларды әзірлеу және енгізу бүгінгі таңда бүкіл әлемде айналысады.

2) қызметті жақсарту жөніндегі кеңейтілген дәлелдер мен ұсыныстарды қамтуы тиіс қойылған мәселені немесе мәселелер шеңберін шешу жөніндегі сарапшының ұсыныстары:

«БиоЭкоГум» - кез-келген дақылға қолданылатын әмбебап препарат.

Микроэлементтермен және өсу стимуляторларымен бірге биогумус негізіндегі гуминді биопрепараттарды қолдану дәнді дақылдар, дәнді-бұршақты дақылдар, техникалық дақылдар және көкөніс дақылдарының өнімділігін арттыруға, оларды өсіруге кететін шығындарын азайтуға, топырақтың құнарлылығын жақсартуға ықпал етеді.

Биопрепарат өсімдіктерге қолайсыз факторлардың әсеріне қарсы қорғаныс механизмін арттырады, биосферадағы экологиялық тепе-теңдіктің бұзылуына қауіп төндірмейді, құрамында токсиндер, ауыр металдардың қоспалары және т.б. жоқ, сондықтан өсімдіктерге зиянсыз. «БиоЭкоГум» биологиялық препаратын қолдану экономикалық және экологиялық тұрғыдан тиімді болып келеді.

«БиоЭкоГум» тұқымдарды егу алдында өңдеу үшін және ауыл шаруашылығы дақылдарының вегетациялық кезеңінде қолданылады: препарат жасушалық деңгейде әрекет етіп, тұқымның өну үрдісін белсендіреді және өнгіштігін арттырады, тамырдың өсуіне ықпал етеді. Минералды тыңайтқыштардың сіңімділігін арттырады, нәтижесінде оларды қолдану мөлшері 1,5-3 есе азаяды. Тұқымды себу алдында өңдеу үшін 1 т тұқым/20 л суға препарат нормасы 2,5 л. Вегетациялық өсу кезеңінің басында өсімдіктерді тамырдан тыс қоректендіру үшін препарат нормасы 5л/га/100 л су. Өсімдіктердің иммунитетін әрі олардың стресске төзімділігін арттырады. Дақылдардың өнімділігін жоғарылатады.

БиоЭкоГумды азотты тыңайтқыштармен, калиймен үстеп қоректендіру кезінде, күл және органикалық заттармен бірге қолдануға болады. Ал, форфорлы тыңайтқыштармен, кальций целитрасымен, гербицидтермен бірге қолдануға болмайды.

Арнай құралдар мен күрделі технологиялық жабдықтарды қажет етпейді. Бағасы қолжетімді – шет елдік аналогтармен салыстырғанда бағасы әлдеқайда төмен болып келеді.

3) өндіріс көлемін ұлғайту/өнімділікті арттыру/шығындарды азайту және т.б. сандық көрсеткіштерді көрсете отырып, агроөнеркәсіптік кешен субъектісінің ұсыныстарды қолдану нәтижелері бойынша күтілетін нәтиже;

БиоЭкоГум гуминді препаратын қолдану топырақ құнарлылығын арттырумен қатар ауыл шаруашылығы дақылдарының өсуі мен дамуына және өнімділігін арттыруда оң нәтиже көрсетеді. Тұқымдарды егу алдында өңдеу өсімдіктердің стресске төзімділігі мен өңгіштігін және дақылдардың өнімділігін арттырады. Институтта жүргізілген зерттеу нәтижелеріне сүйене отырып БиоЭкоГумды Қазақстанның оңтүстік және оңтүстік-шығысында кеңінен енгізуге болады деген ұсыныс беруге болады.

4) Кеңес беруден фотосуреттер;

